

**«Қазалы аграрлы – техникалық колледжі»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны**

**Қазалы аграрлы – техникалық колледжінің
2024 - 2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңес
туралы
ЕРЕЖЕСІ**

Қазалы қаласы

«Бекітемін»
Қазалы аграрлы – техникалық
колледжіннің директоры
А.Мусаев
2025 жыл



**Қазалы аграрлы – техникалық колледжінің
2024 - 2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңес
туралы
ЕРЕЖЕСІ**

«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі №123 бұйрығы негізінде жасалды.

Колледж Педагогикалық кеңесіне ұсынылып, талқыланды.

« ____ » _____ 2024 жыл № ____ хаттама

Қамқоршылық кеңес хатшысы:  Г.Таңатова

1-тарау. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №123 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес әзірленді.

1.2. Ереже Қазалы аграрлы-техникалық колледжінде Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың құқықтық, ұйымдастырушылық негіздерін және оның өкілеттіктерін белгілейді.

1.3. Қамқоршылық кеңес – колледжде білім беру сапасын арттыру, әлеуметтік серіктестікті дамыту, білім алушылар мен ата-аналардың құқықтарын қорғау және оқу процесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар енгізу мақсатында құрылған консультативтік-кеңесші орган.

2-тарау. Қамқоршылық кеңестің мақсаттары мен міндеттері

2.1. Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты – колледждің оқу-тәрбие, әлеуметтік және ұйымдастыру қызметіне қолдау көрсету.

2.2. Кеңестің міндеттері:

- Білім алушылардың құқықтарын, бостандығын және заңды мүдделерін қорғауға жәрдемдесу;
- Колледждің білім беру сапасын арттыру бойынша ұсыныстар енгізу;
- Әлеуметтік осал топтардан шыққан білім алушыларға көмек көрсету;
- Қоғамдық бақылау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын ұйымдастыру;
- Колледждің материалдық-техникалық базасын жақсартуға қолдау білдіру.

3-тарау. Қамқоршылық кеңесті құру және оның құрамы

3.1. Қамқоршылық кеңес ата-аналар комитетінің, жұмыс берушілердің, үкіметтік емес ұйымдардың, колледж ұжымының ұсыныстары негізінде құрылады.

3.2. Кеңес құрамына 7-15 адам енгізіледі.

3.3. Кеңес мүшелері бір оқу жылына сайланады.

3.4. Кеңестің төрағасы оның құрамынан ашық дауыс беру арқылы сайланады.

3.5. Қамқоршылық кеңестің құрамы мен өзгерістері колледж директорының бұйрығымен бекітіледі.

4-тарау. Қамқоршылық кеңестің жұмыс тәртібі

4.1. Кеңес өз жұмысын жоспар бойынша жүзеге асырады. Жоспар оқу жылының басында бекітіледі.

4.2. Жиналыстар тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі, қажет болған жағдайда қосымша жиналыстар шақырылады.

4.3. Жиналыстарда қабылданған шешімдер хаттама түрінде рәсімделеді.

4.4. Кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

4.5. Кеңес өз қызметінде төмендегі құжаттарды басшылыққа алады:

- ҚР Конституциясы;
- «Білім туралы» Заңы;
- ҚР басқа да нормативтік-құқықтық актілері;
- Осы Ереже.

5-тарау. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

5.1. Құқықтары:

- Колледждің білім беру процесіне қатысты ұсыныстар енгізу;

- Колледжде өткізілетін іс-шараларға қатысу;
- Білім алушылардың құқықтарының бұзылу фактілері бойынша ұсыныстар беру;
- Қайырымдылық және демеушілік көмек ұйымдастыруға бастамашылық жасау.

5.2. Міндеттері:

- Қамқоршылық кеңестің отырыстарына қатысу;
- Кеңес шешімдерінің орындалуына жәрдемдесу;
- Қоғамдық негізде жұмыс жүргізу;
- Колледждің беделін көтеруге бағытталған шараларға белсенді атсалысу.

6-тарау. Қамқоршылық кеңестің қаржылық және материалдық қолдауы

6.1. Кеңестің материалдық және қаржылық қолдау көрсетудегі қызметі демеушілер мен меценаттардың ерікті көмегі есебінен жүзеге асырылады.

6.2. Қамқоршылық кеңестің қаржылық қызметі ашық жүргізіледі және қажет болған жағдайда есеп беріледі.

7-тарау. Қорытынды ережелер

7.1. Осы Ереже Қазалы аграрлы-техникалық колледжінің педагогикалық кеңесінде қаралып, колледж директорының бұйрығымен бекітіледі.

7.2. Қажет болған жағдайда Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

7.3. Қамқоршылық кеңестің қызметі қолданыстағы заңнамалар мен осы Ереже аясында жүзеге асырылады.

Қамқоршылық кеңестің хатшысы: 

Г.Танатова